АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ

ХАТТАМАСЫ № 7

Күні: «20» сәуір 2026 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Кеңес беру пунктінің тақырыбы: Кеңес.«Ата-ана мен бала бір команда».
Кеңес беруші: Әдіскер
Күн тәртібі:
1.«Ата-ана мен бала – бір команда» тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.
2.Отбасындағы өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру жолдарын талқылау.
3.Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.
Тыңдалды:
«Ата-ана мен бала – бір команда» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілді. Кеңес барысында бала тәрбиесінде ата-ана мен баланың арасында өзара түсіністік, сенім және қолдаудың маңыздылығы айтылды. Баланың өзін отбасында қауіпсіз және маңызды сезінуі оның эмоционалдық жағдайына, өзіне деген сеніміне және қоршаған ортамен қарым-қатынасына оң әсер ететіні түсіндірілді.
Ата-аналарға баланың пікірін тыңдау, оның сезімін құрметтеу, қиын жағдайда бірге шешім қабылдау және жетістіктерін қолдау жөнінде ұсыныстар берілді. Сонымен қатар ата-ана мен баланың бірге уақыт өткізуі, бірлескен ойындар мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруы, үйдегі қарапайым міндеттерді бірге орындауы отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайтатыны айтылды.
Ата-аналарға балаға талап қою кезінде бірізділік сақтап, отбасы мүшелерінің ортақ ережелерді ұстануы қажеттігі түсіндірілді. Баланы жиі сынаудың немесе басқа балалармен салыстырудың орнына, оның жетістіктерін атап, күш-жігерін қолдау ұсынылды.

Ата-аналарға ұсыныстар:
1.Баланың пікірін тыңдап, оның сезіміне құрметпен қарау.
2.Күн сайын балаға арнайы уақыт бөліп, бірге әңгімелесу.
3.Бірлескен ойындар, серуендер және шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.
4.Баланың жетістіктерін байқап, жылы сөздермен қолдау.
5Баланы басқа балалармен салыстырмау.

Қорытынды:
Кеңес барысында ата-аналар бала тәрбиесінде отбасының бірлігі мен өзара қолдаудың маңыздылығы туралы ақпарат алды. «Ата-ана мен бала – бір команда» қағидасы арқылы баланың пікірін тыңдау, қолдау көрсету және бірге әрекет ету қажеттілігі түсіндірілді.
Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

Қаулы:

- Ата-аналарға бала тәрбиесінде өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру ұсынылсын.
- Балаға күнделікті көңіл бөліп, бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру жалғастырылсын.
- Отбасында балаға қолдау көрсету және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыруға назар аударылсын.
- Кеңес беру пунктінің жұмысы аясында ата-аналарға педагогикалық кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Хаттаманы толтырған: Педагог-психолог Сихова А.О.

Қолы: 